КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 23 қаңтар №1112-23-00-2/3545 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Жакупов А.А.,
сот отырысының хатшысы Шарипова Ш.Е.,
ашық сот отырысында азаматтық істі қарап:

ТАЛАПКЕР:
«Ақмола облысының прокуратурасы» мемлекетік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Safia» Расулов Кайртай Кусаинович жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1)мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы,
2)тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАРЫ:
талапкер өкілі Манызов А.Ж.,
жауапкер өкілі Расулова Д.К.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Ақмола облысының прокуратурасы» ММ және «Safia» ЖК арасында 27.04.2023 ж. №391140000024/230142/00 қызметтерді мемлекеттік сатып алу шарты жасалды. Шарт бойынша жауапкер 8 560 000 теңге көлемінде талапкерге қызметтерді көрсетуге мәжбүр болды.

Талап қоюшы талабын жауапкер шарт бойынша міндеттемелерді ішінара орындамағанымен негіздеген.

Сотта талакер өкілі талап қоюды қолдады.

Сотта жауапкер өкілі талап қоюда көрсетілген мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабымен келіспегенін хабарлады.

Документ подписан: Жакупов А. А., 30.01.2024

Дата вступления в законную силу: 04.03.2024, судья Нургалиева Г. И., 04.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1) талап бойынша:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізімі, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті. 5 тармағында осы баптың 4 тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жоғарыда көрсетілген шарт бойынша жауапкер «Safia» ЖК 2023 жылдың 26 шілдесіне дейін талапкерге қызметтерді көрсету міндетті болды.

Алайда талапкерге қызметтер ішінара көрсетілген, 4 640 000 теңге көлемінде.

Керісінше жағдайлар сотта дәлелденбеген.

Жауапкер сотта шарт бойынша қызметтердің бір бөлігі көрсетілмегенін мойындады.

Сондықтан жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тануға жатады.

2) талап бойынша:

Жауапкер талап қоюда көрсетілген тұрақсыздық айыбын мемлекет пайдасына төлеп қойған.

Сондықтан мемлекет мүддесіне сот қорғауы қажет емес.

Осыған байланысты екінші талап қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақмола облысының прокуратурасы» мемлекетік мекемесі «Safia» Расулов Кайртай Кусаинович жеке кәсіпкерге мемлкеттік сатып алудың

Документ подписан: Жакупов А. А., 30.01.2024

Дата вступления в законную силу: 04.03.2024, судья Нургалиева Г. И., 04.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

«Safia» Расулов Кайртай Кусаинович жеке кәсіпкер мемлкеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Ақмола облысының прокуратурасы» мемлекетік мекемесі «Safia» Расулов Кайртай Кусаинович жеке кәсіпкерге талап қоюы қалған бөлігінде қанағаттандырусыз калдырылсын.

«Safia» Расулов Кайртай Кусаинович жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлемінде мемлкеттік баж өндірілсін.

Шешімге бір ай ішінде шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы сот арқылы Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым және (немесе) өтінішхат берілуі (келтіруі) мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Документ подписан: Жакупов А. А., 30.01.2024

Дата вступления в законную силу: 04.03.2024, судья Нургалиева Г. И., 04.03.2024